

**Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2013 жылғы республикалық бюджеттен мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 наурыздағы № 263 қаулысы

«2013 – 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2012 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және ауыл шаруашылығы жануарларын аса қауіпті инфекциялық және инвазиялық аурулардан қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2013 жылғы республикалық бюджеттен мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
	<i>С. Ахметов</i>	
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы	
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 1 3	ж ы л ғ ы	1 9
№ 2 6 3	қ а у л ы с ы м е н	н а у р ы з д а ғ ы
бекітілген		

**Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2013 жылғы республикалық бюджеттен мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2013 жылғы республикалық бюджеттен мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) облыстық бюджеттердің , Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 217 «Облыстық бюджеттерге, Астана

және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін техника, жабдық және мүкәммал сатып алуға республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді (бұдан әрі – ағымдағы нысаналы трансферттер) пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Ағымдағы нысаналы трансферттер жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға арналған.

## **2. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі**

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ретінде төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі мен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері арасында қол қойылған нысаналы ағымдағы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттерді а у д а р а д ы .

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері функционалдық міндеттерді орындауға арналған техниканы, жабдықты және мүкәммалды мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушы болып табылады.

5. Функционалдық міндеттерді орындауға арналған сатып алынатын техника, жабдықтар және мүкәммал осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тиіс, ал пилоттық жоба аясында сатып алынатын инсинераторлар осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген талаптарға сәйкес болуы қажет.

6. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша функционалдық міндеттерді орындауға арналған техниканы, жабдықтарды және мүкәммалды жеткізушілермен (бұдан әрі – жеткізушілер) шарттар жасасады, оларда өзге талаптармен қоса, мынадай:

1) функционалдық міндеттерді орындауға арналған жеткізілетін техниканың, жабдықтың және мүкәммалдың сапасына бақылау жүргізудің тәртібі мен мерзімдері;

2) жеткізілетін функционалдық міндеттерді орындауға арналған техниканың, жабдықтың және мүкәммалдың сапасына жеткізушілердің жауапкершілігі;

3) функционалдық міндеттерді орындауға арналған сапасыз техниканы, жабдықты және мүкәммалды жеткізушілерді ауыстыру мерзімдері көзделуге тиіс.

7. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарында функционалдық міндеттерді орындауға арналған сатып алынатын техниканың, жабдықтардың және мүкәммалдың сандық-сапалық жай-күйін бағалау жөніндегі кемінде 3 (үш) адамнан тұратын комиссиялар (бұдан әрі – Комиссиялар) құрылады, оның құрамына Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің облыстағы (Астана, Алматы қаласындағы) аумақтық бөлімшесінің өкілі енгізіледі.

8. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Комиссия функционалдық міндеттерді орындауға арналған жеткізілген техниканы, жабдықты және мүкәммалды бағалау қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша функционалдық міндеттерді орындауға арналған техниканы, жабдықты және мүкәммалды жеткізу актісін жасайды.

9. Функционалдық міндеттерді орындауға арналған техниканы, жабдықтар және мүкәммалды жеткізушілер облыстардың, Алматы және Астана қалаларының жергілікті атқарушы органдарына 2013 жылғы 15 желтоқсаннан кешіктірмей осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша функционалдық міндеттерді орындауға арналған техниканы, жабдықты және мүкәммалды жеткізу актілерін ұсынады.

10. Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері функционалдық міндеттерді орындауға арналған техниканы, жабдықты және мүкәммалды жеткізу актілерінің келіп түсуіне қарай, бес жұмыс күні ішінде, бірақ 2013 жылғы 20 желтоқсаннан кешіктірмей, осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттарды тексереді, олар осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда төлем төлеуге жібереді.

11. Функционалдық міндеттерді орындауға арналған техниканы, жабдықты және мүкәммалды жеткізу актілері осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының жергілікті атқарушы органдары олардың сәйкес келмеуі себептерін негіздей отырып, үш жұмыс күні ішінде тауарларды жеткізушілерге пысықтауға қайтарады.

Функционалдық міндеттерді орындауға арналған техниканы, жабдықты және мүкәммалды жеткізушілер үш жұмыс күні ішінде ескертпелерді ескере отырып, пысықталған функционалдық міндеттерді орындауға арналған техниканы, жабдықты және мүкәммалды жеткізу актілерін облыстардың, Алматы және Астана қалаларының жергілікті атқарушы органдарына ұсынады.

12. Тауарларды жеткізгені үшін қаржы қаражатын тиісті тауар жеткізушілердің банктегі шоттарына аударуды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Қазынашылық комитетінің аумақтық бөлімшесіне төлем шотының тізілімін және төлем шотын екі данада ұсыну арқылы, функционалдық міндеттерді орындауға арналған техниканы, жабдықты және мүкәммалды жеткізу актілері негізінде төлемдер бойынша қаржыландырудың жекелеген жоспарларына сәйкес облыстардың, Алматы және Астана қалаларының жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

13. Облыстардың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері функционалдық міндеттерді орындауға арналған сатып алынған техниканы, жабдықты және мүкәммалды аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне қабылдау-тапсыру актілері негізінде б е р е д і .

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың), Алматы және Астана қалаларының жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға функционалдық міндеттерді орындауға арналған техниканы, жабдықты және мүкәммалды қабылдау-тапсыру актілері негізінде береді.

14. Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының жергілікті атқарушы органдары республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскеннен кейін Министрлікке ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде, ал жылдың қорытындысы бойынша 2013 жылғы 25 желтоқсаннан кешіктірмей, ал оларды толық игермеген жағдайда – осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес себептерді көрсете отырып, ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану туралы есептерді ұ с ы н а д ы .

15. Қандай да бір облыс, Астана, Алматы қалалары бөлінген қаражатты толық игермеген жағдайда, Министрлік заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне 2013 жылға арналған республикалық бюджетте бюджеттік бағдарламаны іске асыруға көзделген қаражат шегінде облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға арналған қаражатты қайта бөлу туралы ұсыныс енгізеді.

16. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Министрлікке жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 30 шілдеден кешіктірмей аралық есепті, ал жылдың қорытындысы бойынша келесі қаржы жылының 15 ақпанынан кешіктірмей, ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдерге сәйкес бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен іс жүзінде қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы қорытынды есепті ұсынады.

17. Министрлік Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес нәтижелер туралы жасалған келісім негізінде төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттердің аударылмағаны үшін жауапты

б о л а д ы .

18. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері мен жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бірінші басшылары Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес ағымдағы нысаналы трансферттердің, ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы жасалған келісімге сәйкес пайдаланылмағаны, тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілмегені, алынған ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есепті бермегені үшін жауапты болады.

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2013 жылғы республикалық бюджеттен мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларына 1-қосымша

### **Сатып алынатын функционалдық міндеттерді орындауға арналған техникаға, жабдыққа және мүкәммалға қойылатын талаптар**

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 21.09.2013 № 990 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.12.2013 № 1335 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

Р/с №	Тауардың атауы		Тауардың сипаттамасы (сипаты)
	Аудандық ветеринариялық станция	Ветеринариялық пункт	
1	2	3	4
1. Жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізу үшін			
	Ветеринариялық іс-шаралар жүргізу үшін жануарларды қозғалтпай ұстау құрылғысы		Жануардың басы мен денесін қозғалтпай ұстауға арналған құрылғысы бар, салмағы 1500 кг дейінгі ауыл шаруашылығы жануарларын қозғалтпай ұстауға арналған алмалы-салмалы дөңгелектері және автомобильге тарту-тіркеу бекітпесі бар жылжымалы станок. Материалы – болат, металдың қалыңдығы – 3 мм кем емес;

1.		Бояуы – коррозияға қарсы бояу; Станоктың салмағы – 750 кг-нан кем емес.
	Ветеринариялық іс-шаралар жүргізу үшін жануарларды қозғалтпай ұстау құрылғысы	Жануардың басы мен денесін қозғалтпай ұстауға арналған құрылғысы бар, салмағы 750 кг дейінгі ауыл шаруашылығы жануарларын қозғалтпай ұстап тұруға арналған станок. Материалы – болат, металдың қалыңдығы – 2 мм кем емес; Бояуы – коррозияға қарсы бояу; Станоктың салмағы – 350 кг-нан кем емес.
2.	Жаппай екпе жасауға арналған аппарат (металдан жасалған)	Шланг ұшына бекітілген инъекциялық инеден, шлангтен және ветеринариялық препараты бар флакондарды бекітуге арналған құрылғысы бар пистолеттің өзінен тұратын жартылай автоматтандырылған пистолет.
3.	Инесіз инъектор	1 реттік инъекция дозасы 0,1 ден 0,2 мл дейін реттеледі. Инъекцияның сипаты: тері ішіне . Инъекторды шаншу: қолмен, тұтқаның көмегімен.
4.	Термочемодан	Препараттарсыз суық элементтерінің барынша көп жиынтығымен қоршаған ортаның $+43\pm 2^{\circ}\text{C}$ температурасы кезінде $0^{\circ}\text{C}$ төмен емес және $+10^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары емес ішкі көлем температурасы үшін бос термоконтейнердің суықпен әсер ету ұзақтығы (сағат): 72 кем емес ; Оқшаулау қабатының қалыңдығы (мм): 40 кем емес.
5.	Кутиметр	Металл.
6.	Ұнтақ беру құрылғысы (дәрі-дәрмек үшін)	Металл.
7.	Бұқаға арналған мұрын сақинасы	Металл.
2.	Ауыл шаруашылығы жануарларына бірдейлендіру жүргізуге арналған	
8.	Аспаптарға, құрал-саймандарға және атрибуттарға арналған сөмке	Берік материалдан дайындалған болуы тиіс.
3.	Жануарларды қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуге арналған	
		Ұрақтандырушы техниктің чемоданы гинекологиялық

9.	Ұрақтандырушы техниктің чемоданы ( жинақталған)	( айналармен, ұрықтандыруға арналған катетерлермен және т.б . жиынтықталады.
10	Микроскоп	Монокулярлық.
11	Дьюар ыдысы	Көлемі 35 литр.
	Дьюар ыдысы	Көлемі 6 литр.
4. Жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық препараттарды тасымалдау (жеткізу), сақтау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) жөнінде қызметтер көрсетуге арналған		
12	Ветеринариялық препараттарға арналған тоңазытқыш	Ветеринариялық препараттарды сақтауға арналған екі камералы тоңазытқыш (өңірлік сервистік орталықтары бар өндірушілерден сатып алу қажет).
13	Металдан жасалған шкаф	Металдан жасалған шкаф (екі есікті, габариті кемінде 181,3*38 *45,7 см, құрал-саймандар мен ветеринариялық препараттарды сақтауға арналған).
14	Хладогенті бар 1 термосыйымдылық	Мөлшері 100x100x200 см көп емес.
5. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары салған мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырды), мал соятын алаңдарды ұстауға арналған		
15	Автомашина, сыйымдылығы 500-600 литр УАЗ 390945 шассиіндегі дезинфекциялау қондырғысы (ДҚ)	Автомашина, сыйымдылығы 500-600 литр УАЗ 390945 шассиіндегі дезинфекциялау қондырғысы (ДҚ) мынадай негізгі бөліктерден тұруы тиіс: цистерна, дезинфекциялық сұйықтықтарға арналған бактар, керек-жараққа арналған жәшіктер, жұмыс ерітіндісін қыздыру жүйесі, қысым құбыры, қабылдау-тарату құбыры, компрессорлық қондырғы.
6. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауға және жоюға арналған		
16	Жабайы иттер мен мысықтарды бұғаулау құралдары	Жиынтық лақтырмалы құрылғыдан және тордан тұруы тиіс.
7. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған ветеринария саласындағы қызметтің өзге де түрлеріне арналған		
		Алғашқы хирургиялық көмек көрсетуге арналған барлық қажетті құралдармен толық

17	Ветеринариялық хирургиялық үлкен жиынтық	жиынтықталған (тамырларды қысып қоюға арналған қысқыш, скальпельдер, инелер, пинцеттер, пышақтар, анатомиялық аралар, қайшылар және т.б.).
18	Анатомиялық ветеринариялық үлкен жиынтық	Брезенттен жасалған ветеринариялық сөмкедегі жиынтықталған анатомиялық жинақ – оған Д-64 қашау, үлкен, кіші, көкшандырды, шеміршекті, қабырға кесуге арналған ветеринариялық пышақтар (2 данадан), қабырға кесуге арналған ветеринариялық қайшы, корнцанг, ұшы доғал түзу қайшылар 140 (170) мм, анатомиялық пинцеттер 150 және 250 мм, көкшандырды кесуге арналған скальпельдер (2 дана), өткір ұшты скальпельдер (2 дана), анатомиялық аралар, клеенкадан тігілген алжапқыш).
19	Ветеринариялық акушерлік жинақ	Акушерлік көмек көрсетуге арналған барлық қажетті құралдармен толық жиынтықталған (гинекологиялық айналар, шприцтер, қайшылар, акушерлік ілмектер және т.б.).
20	Биологиялық материалға арналған мұздатқыш	Биологиялық материалдарды сақтауға арналған мұздатқыш, жалпы көлемі 210 л кем емес, мұздатқыш камера көлемі 198 л кем емес, биіктігі х ені х ұзындығы габариты 85x80x70 см (өңірлік сервистік орталықтары бар өндірушілерден сатып алу қажет).
21	Биологиялық материалдарды тасымалдауға арналған чемодан	Тұтқасы бар штативке арналған бүйір жиегі бар биологиялық материалды тасымалдауға арналған чемодан, ішкі контейнер: клипсі бар пластикалық қапшық, суперабсорбент бар пакеті.
22	Желіннің ұшына арналған катетер	Желін ауруларын емдеуге арналған металдан жасалған әртүрлі диаметрдегі катетер.
23	Ветеринариялық құрал-саймандарды және материалдарды тасымалдауға арналған жәшік	Пластикалық.
24	Шприц	Шыны, 2 мл.



25	Шприц	Шыны, 5 мл.
26	Шприц	Шыны, 10 мл.
27	Шприц	Шыны, 20 мл.
28	Шприц	Шыны, 150 мл.
29	Кетгут	Сырты жылтыр эластикалық жіп , өздігінен сіңіп кететін хирургиялық тігіс материалы.
30	Акушерлік ілгек	Металл түтіктен және түтіктің бір ұшында ілмек пайда болатындай оның саңылауына енгізілген жұмсақ қос сымнан тұрады.
31	Ірі малдарға арналған асқазан зонды	Резеңке.
32	Магнитті зонд	Магнитті зонд мынадай негізгі бөліктерден тұрады: - резеңке түтік түріндегі зондпен шынжыр арқылы жалғасқан ұштарына оймасы бар штуцер орналастырылған және бір-бірімен берік шнурмен жалғасқан магниттік бастиегі; - зонд енгізгіш, ол арқылы резеңке түтік зонд өтеді, оның бір ұшында қоныш, екінші ұшында шлеялы қапсырма болады.
33	Фонендоскоп	Мыналардан тұрады: - мембранасы бар фонендоскоптың басы; - эластикалық оливалары бар ұшы ; - Y-бейнелі дыбыс өткізгіштен.
34	Троакар	Металл.
35	Ірі және ұсақ малдарға арналған ауыз ашу құралы	Металл.
36	Бикс	Бу стерилизаторларында стерильдеу және пайдалану орнына жеткізу мақсатында оларда таңу материалдарын, хирургиялық құралдарды және ветеринариялық мақсаттағы басқа да заттарды орналастыруға , сондай-ақ 20 тәулік бойы стерильді сақтауға арналған фильтрлері бар дөңгелек келген

		стерильді қораптар. Қораптын металл бөлшектері тоттанбайтын болаттан жасалады.
37	Стерилизатор	Бу немесе ауа стерилизатор ветеринариялық мақсаттағы бұйымдарды стерильдеуге арналған.
38	Сепкіш	Режекеден жасалған.
39	Сұйық дәрілік заттарды енгізуге арналған құрылғы	Құрылғы сұйыққа арналған сығылатын эластикалық ыдыстан, ыдысты жануарлармен жалғайтын шығару түтікшесінен және ыдысты сығуды қамтамасыз ететін қысым жүйесінен тұрады.
40	Кептелген қақпағы бар банка	Шыны.
41	Тұяқ пышағы	Екі жақты тұзу.
42	Тұяқ қысқышы	Металл.
8. Функционалдық міндеттерді орындауға арналған техника, жабдықтар мен мүкәммал		
43	Жүріп өту мүмкіндігі жоғары пикап типті арнайы автомашина (арнайы жабдықтармен жиынтықталған: аспалы гидропульт, автотоңазытқыш, мал союға және патологиялық материалдарды алуға арналған құралдарға және дезинфекциялау заттарына арналған астау)	Жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы автомашина қозғалтқышының көлемі - 2300 текше сантиметрден артық емес, орын саны 5 кем емес, толық жетекті жол талғамайтын көлік, шанақтың типі пикап, 5 сатылы механикалық беріліс қорабы, габаритінің ұзындығы – 4,9 м, ені – 1,9 м кем емес. Жүк бөлігінің жүк көтергіші 750 кг кем емес, жүк бөлігінің габариті ұзындығы/ені/тереңдігі (137см/169см/55см), жүк бөлігі қорғаныш жабындымен және рульдің гидрокүшейткішімен жиынтықталған (арнайы жабдықтармен жиынтықталған: ыдыс көлемі 10 литрден кем емес аспалы гидропульт, көлемі 29 литрден кем емес, салмағы 25 кг габаритті (см) 50±5 x 30±5 x 30±5 кем емес, қуаттануы 12/220В (12В адаптері жиынтықта орналасқан) автотоңазытқыш, дезинфекциялық заттарға және ветеринариялық препараттарға арналған көлемі 10 л кем емес

	<p>жәшік, Д-64 қашаудан, үлкен, кіші, көкшандырды, шеміршекті, қабырғаны кесуге арналған ветеринариялық пышақтардан (2 данадан), қабырға кесуге арналған ветеринариялық қайшыдан, корнцангтан, ұшы доғал түзу қайшылардан 140 (170) мм, анатомиялық пинцеттерден 150 және 250 мм, көкшандырды кесуге арналған скальпельдерден (2 дана), өткір ұшты скальпельдерден (2 дана), анатомиялық аралардан, клеенкадан тігілген алжапқыштан тұратын брезенттен жасалған ветеринариялық сөмкеге жиынтықталған анатомиялық жиынтық).</p>
<p>Жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы автомобиль (арнайы жабдықтармен жиынтықталған: аспалы гидропульт, автотоңазытқыш, мал союға және патологиялық материалдарды алуға арналған құралдарға және дезинфекциялау заттарына арналған астау)</p>	<p>Жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы автомобиль қозғалтқышының көлемі 1700 текше сантиметрден артық емес, толық жетекті жол талғамайтын көлік, орын саны 5 кем емес, шанақтың типі универсал, жеңіл құйылған дискілері және рульдің гидрокүшейткіші бар (арнайы жабдықтармен жиынтықталған: ыдыс көлемі 10 литрден кем емес аспалы гидропульт, көлемі 29 литрден кем емес, салмағы 25 кг габаритті (см) 50±5 x 30±5 x 30±5 кем емес, қуаттануы 12/220В (12В адаптері жиынтықта орналасқан) автотоңазытқыш, дезинфекциялық заттарға және ветеринариялық препараттарға арналған көлемі 10 л кем емес жәшік, Д-64 қашаудан, үлкен, кіші, көкшандырды, шеміршекті, қабырғаны кесуге арналған ветеринариялық пышақтардан (2 данадан), қабырға кесуге арналған ветеринариялық қайшыдан, корнцангтан, ұшы доғал түзу қайшылардан 140 (170) мм, анатомиялық пинцеттерден 150 және 250 мм, көкшандырды кесуге арналған скальпельдерден (2 дана), өткір ұшты скальпельдерден (2 дана), анатомиялық аралардан,</p>

		клеенкадан тігілген алжапқыштан тұратын брезенттен жасалған ветеринариялық сөмкеге жиынтықталған анатомиялық жиынтық).
44	Ұйымдастыру техникасы	Ұйымдастыру техникасы жүйелік блокты, мониторды, клавиатураны, компьютерлік тінтуірді, операциялық жүйені, Microsoft Office толық пакетін қамтитын бағдарламалық қамтамасыз етуді, көпфункционалдық лазерлік құрылғыны (көшірме, сканер, принтер), АРС тұрақтандырғышын (үздіксіз қоректену көзі) қамтиды.
45	Кеңсе жиһазы	Кеңсе жиһазы жазу үстелін, орындықтарды, киімге арналған шкафы, кітап шкафын қамтиды.
46	Сейф	Сейфтің сыртқы габариті 40x40x33,7 см артық емес және салмағы 20,2 кг көп емес.
47	Электр генераторы	Бензиндік қуаты кемінде 5 кВт электр генераторы (негізгі электр жүйесі авариялық ажыратылған кезде электрді генерациялау үшін), салмағы 90 кг көп емес.

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2013 жылғы республикалық бюджеттен мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларына  
2-қосымша

### Сатып алынатын инсинераторларға қойылатын талаптар

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.12.2013 № 1335 қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

Р/с №	Инсинератордың типі	Инсинератордың сипаттамасы (сипаты)	Облыс
1	2	3	4
Аудандық ветеринариялық станциялар үшін			

1.	№ 1 типтегі стационарлық инсинератор	Инсинератор медициналық, биологиялық және басқа да қалдықтардың түрлерін жоғары температурада жағу әдісі арқылы кәдеге жаратуға арналған. Экологиялық қауіпсіздік инсинераторларды қалдықтарды жаққаннан алынған түтіндер қосымша толық жағылатын, басқару шкафы және температура датчигі бар автоматика жүйесімен жабдықталған толық жағатын екінші камерамен жаратандыру арқылы қамтамасыз етіледі. Инсинератордың жүктеме көлемі 1000 кг дейін, жағу жылдамдығы кемінде 150 кг/сағ, дизель отынның шығыны сағатына 16-17 литрден көп болмауы керек	А қ м о л а А қ т ө б е А л м а т ы А т ы р а у Шығыс Ж а м б ы л Батыс Қ а р а ғ а н д ы Қ ы з ы л о р д а Қ о с т а н а й М а ң ғ ы с т а у П а в л о д а р Солтүстік Оңтүстік Қазақстан	Қазақстан Қазақстан Қазақстан
2.	№ 2 типтегі стационарлық инсинератор	Инсинератор медициналық, биологиялық және басқа да қалдықтардың түрлерін жоғары температурада жағу әдісі арқылы кәдеге жаратуға арналған. Экологиялық қауіпсіздік инсинераторларды қалдықтарды жаққаннан алынған түтіндер қосымша толық жағылатын, басқару шкафы және температура датчигі бар автоматика жүйесімен жабдықталған толық жағатын екінші камерамен жаратандыру арқылы қамтамасыз етіледі, Инсинератордың жүктеме көлемі кемінде 1000 кг дейін, жағу жылдамдығы кемінде 50-80 кг/сағ, дизель отынның шығыны сағатына 10 литрден көп болмауы керек. Жанарғының қуаты 160 кВт, КПД=97 % дейін реттеледі. Айнымалы кернеуі 220 В дейінгі желіге қосылады. Габарит ұзындығы х ені х биіктігі ( 2100 x 1220 x 1560 көп емес)	А қ м о л а А қ т ө б е А л м а т ы А т ы р а у Шығыс Ж а м б ы л Батыс Қ а р а ғ а н д ы Қ ы з ы л о р д а Қ о с т а н а й М а ң ғ ы с т а у П а в л о д а р Солтүстік Оңтүстік Қазақстан	Қазақстан Қазақстан Қазақстан
Ветеринариялық пункттер үшін				
3.	№ 3 типтегі стационарлық инсинератор	Инсинератор медициналық, биологиялық және басқа да қалдықтардың түрлерін жоғары температурада жағу әдісі арқылы кәдеге жаратуға арналған. Экологиялық қауіпсіздік инсинераторларды қалдықтарды жаққаннан алынған түтіндер қосымша толық жағылатын, басқару шкафы және температура датчигі бар автоматика жүйесімен жабдықталған толық жағатын екінші камерамен жаратандыру арқылы қамтамасыз етіледі. Инсинератордың жүктеме көлемі кемінде 500 кг, жағу жылдамдығы кемінде 50 кг/сағ, дизель отынның шығыны сағатына 14 литрден көп болмауы керек	А қ м о л а А қ т ө б е А л м а т ы А т ы р а у Шығыс Ж а м б ы л Батыс Қ а р а ғ а н д ы Қ ы з ы л о р д а Қ о с т а н а й М а ң ғ ы с т а у П а в л о д а р Солтүстік Оңтүстік Астана	Қазақстан Қазақстан Қазақстан Қазақстан
		Инсинератор медициналық, биологиялық және басқа да қалдықтардың түрлерін жоғары температурада жағу әдісі арқылы кәдеге жаратуға арналған. Экологиялық қауіпсіздік инсинераторларды қалдықтарды жаққаннан алынған түтіндер қосымша толық жағылатын,	А қ м о л а А қ т ө б е А л м а т ы А т ы р а у Шығыс	Қазақстан

4.	№ 4 типтегі стационарлық инсинератор	басқару шкафы және температура датчигі бар автоматика жүйесімен жабдықталған толық жағатын екінші камерамен жарактандыру арқылы қамтамасыз етіледі, Инсинератордың жүктеме көлемі кемінде 500 кг, жағу жылдамдығы кемінде 80 кг/сағ, дизель отынның шығыны сағатына 10 литрден көп болмауы керек. Жанарғының қуаты 160 кВт, КПД=97 % дейін реттеледі. Айнымалы кернеуі 220 В дейінгі желіге қосылады. Габариті ұзындығы х ені х биіктігі (2100 х 1220 х 1560 көп емес)	Ж а м б ы л Б а т ы с Қ а р а ғ а н д ы Қ ы з ы л о р д а Қ о с т а н а й М а ң ғ ы с т а у П а в л о д а р С о л т ү с т і к О ң т ү с т і к А л м а т ы	Қ а з а қ с т а н       Қ а з а қ с т а н Қ а з а қ с т а н
Аудандық ветеринариялық станциялар үшін				
5.	№ 1 типтегі жылжымалы инсинератор	Инсинератор медициналық, биологиялық және басқа қалдықтардың түрлерін жоғары температурада жағу әдісі арқылы кәдеге жаратуға арналған. Экологиялық қауіпсіздік инсинераторларды қалдықтарды жаққаннан алынған түтіндер қосымша толық жағылатын, толық жағатын екінші камерамен жарактандыру арқылы қамтамасыз етіледі. Инсинератордың жүктеме көлемі кемінде 500 кг, жағу жылдамдығы кемінде 50 кг/сағ, дизель отынның шығыны сағатына 14 литрден көп болмауы керек	А қ м о л а А қ т ө б е Б а т ы с Қ о с т а н а й	Қ а з а қ с т а н

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2013 жылғы республикалық бюджеттен мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларына 3-қосымша

**«\_\_\_\_\_» бюджеттік бағдарламасы бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін техниканы, жабдықты және мүкәммалды жеткізу актісі**

\_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_  
( об л ы с , а у д а н , е л д і м е к е н )  
Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын \_\_\_\_\_  
( м е к е м е а т а у ы )  
атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_  
( Т . А . Ә . , а т қ а р а т ы н л а у а з ы м ы )  
бір тараптан және бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталатын \_\_\_\_\_  
( ж е т к і з у ш і н і ң

т о л ы қ а т а у ы )

\_\_\_\_\_ атынан жарғы (сенімхат) негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ екінші тараптан төмендегі туралы осы ( Т . А . Ә . , а т қ а р а т ы н л а у а з ы м ы ) а к т і н і ж а с а д ы :

жеткізуші өзі және тапсырыс беруші арасында жасалған 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шартқа сәйкес (20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ кезеңі үшін\*) жеткізуші мынадай сипаттама функционалдық міндеттерді орындау үшін техниканы, жабдықты және мүкәммалды жеткізді:

Функционалдық міндеттерді орындауға арналған техниканың, жабдықтың және мүкәммалдың толық атауы	Функционалдық міндеттерді орындауға арналған техниканың, жабдықтың және мүкәммалдың қысқаша сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Функционалдық міндеттерді орындауға арналған жеткізілген техниканың, жабдықтың және мүкәммалдың көлемі	Бірлік бағасы (тенге)	Сомасы (тенге)

Жеткізілген функционалдық міндеттерді орындауға арналған техникаға, жабдыққа және мүкәммалға наразылық жоқ (наразылық болған жағдайда, атап көрсету қажет) \_\_\_\_\_

Шарт сомасы \_\_\_\_\_ теңгені (сомасы жазбаша) құрайды.

1. Жеткізілген тауарлардың жалпы құны \_\_ теңге (сомасы жазбаша)
2. Аванс сомасы \_\_\_\_\_ теңге (сомасы жазбаша)
3. Бұрын актіленген сомалар \_\_\_\_\_ теңге (сомасы жазбаша)
4. Төленуге тиіс \_\_\_\_\_ теңге (сомасы жазбаша)

## ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., қолы, мөртаңбасының бедері) \_\_\_\_\_ бедері)

(Т.А.Ә., қолы, мөртаңбасының \_\_\_\_\_ бедері)

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_  
( қ о л ы )

\_\_\_\_\_  
( Т . А . Ә . )

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_  
( қ о л ы )

\_\_\_\_\_  
( Т . А . Ә . )

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

( қ о л ы )

( Т . А . Ә . )

-----  
(қолы)

-----  
(Т.А.Ә.)

Ескертпе: \* - біржолғы сипаттағы төлемдерді жүргізу жағдайында көрсетілмейді.

Облыстық бюджеттердің, Астана және  
Алматы қалалары бюджеттерінің 2013 жылғы  
республикалық бюджеттен мемлекеттік  
ветеринариялық ұйымдарды материалдық-  
техникалық жарақтандыруға берілетін  
ағымдағы нысаналы трансферттерді  
п а й д а л а н у қ а ғ и д а л а р ы н а  
4-қосымша

\_\_\_\_\_ облысы (астана, республикалық маңызы бар қала)  
бойынша қаражатты пайдалану туралы \_\_\_\_\_ айындағы есеп

Бағдарламаның коды	Бюджеттік бағдарламаның атауы	_____ жылға нақтыланған бюджет	_____ нақты орындалғаны	Ж ы л аяғына дейін игерілуі тиіс	Күтілетін игеру	Күтілетін игерілмеу	_____ күтілетін орындалмау себептері
1	2	3	4	5	6	7	8

Басшы

-----  
Қ О Л Ы

Бас бухгалтер

-----  
Қ О Л Ы

М.О.